

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы аумағындағы жер участкесі тұстамасындағы Мякотиха өзені мен оның ағыстары Козачий, Большая Тополевка, Игнатиха, Топкий және Широкий бұлақтарының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 459 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 28 желтоқсанда № 8054 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е ск е р т п е с і .

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұсташа мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналар:

1) осы қаулының қосымшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы аумағындағы Николай Николаевич Шапоревке беріліп отырған жер участкесі тұстамасындағы Мякотиха өзені мен оның ағыстары Козачий, Большая Тополевка, Игнатиха, Топкий және Широкий бұлақтарының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы аумағындағы Николай Николаевич Шапоревке беріліп отырған жер участкесі тұстамасындағы Мякотиха өзені мен оның ағыстары Козачий, Большая Тополевка, Игнатиха, Топкий және Широкий бұлақтарының су қорғау аймақтары аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызмет режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Алтай

ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы үәкілдегі мемлекеттік органдарға тапсырын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроОнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы әкімі

Д. Ахметов

" К Е Л И С И Л Д И "

Қазақстан

Республикасы

Экология, геология

және табиғи ресурстар

министрлігі

Су

ресурстары

комитетінің

Су ресурстарын

пайдалануды

реттеу

және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік

жинспекциясы басшысының міндетін

атқарушы

M.

Иманжанов

2020 жылғы "___"

Шығыс Қазақстан

облысы әкімдігінің

2020 жылғы 24 желтоқсандағы

№ 459 қаулысына қосымша

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы аумағындағы Николай Николаевич Шапоревке беріліп отырған жер участкесі тұстамасындағы Мякотиха өзені мен оның ағыстары Козачий, Большая Тополевка, Игнатиха, Топкий және Широкий бұлактарының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері

Су объектісі	Су қорғау аймағы			Су қорғау белдеуі		
	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені, м	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м
1	2	3	4	5	6	7

Каастырылып отырған тұстама шегіндегі Мякотяха өзені оң жағалау	10,3	515,0	500	5,82	29,1	50
Каастырылып отырған тұстама шегіндегі Козачий бұлғағы						
с о л оң жағалау	ж ағ а л а у 2,35 1,09	117,7 68,2	500 500	- 0,215	- 9,8	- 50
Каастырылып отырған тұстама шегіндегі Большая Тополевка						
с о л оң жағалау	ж ағ а л а у 3,91 2,0	206,0 238,3	100- 500 500	4,56 5,9	21,3 31,5	50 50
Каастырылып отырған тұстама шегіндегі Игнатиха бұлғағы						
с о л оң жағалау	ж ағ а л а у 5,23 6,1	370,9 275,7	500 400- 500	13,02 7,15	66,8 33,0	50 50
Каастырылып отырған тұстама шегіндегі Топкий бұлғағы						
с о л оң жағалау	ж ағ а л а у 3,66 2,69	133,8 184,7	300- 500 500	3,88 3,72	19,4 18,6	50 50
Каастырылып отырған тұстама шегіндегі Широкий бұлғағы оң жағалау	2,36	92,1	300- 500	-	-	-

Ескертпе:

Су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекарасы мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК